TÜRKPA
PARLIAMENTARY ASSEMBLY OF TURKIC STATES

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫ

БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

ОН ЕКІНШІ ОТЫРЫС

2025 жылғы 16 мамыр

ОНЛАЙН

ҰСЫНЫМДАР

ТҮРКПА-ға мүше елдердегі білім беру саласындағы үдерістерді жақындастыру: проблемалары мен даму перспективалары

Парламенттік Ассамблея:

Білім саласы әрбір елдегі күшті, бейбіт және тұрақты дамудың негізі екенін ***ескере отырып***;

«Түркі әлемінің болашағы – 2040» стратегиялық құжаты және оның негізгі білім беру міндеттері мен мақсаттары ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастығы үшін негізгі жол картасы болып табылатынын ***атап көрсете отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің білім саласындағы интеграциясы мен ынтымақтастығы ең маңызды және қажетті үдерістердің бірі екенін ***түсіне отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында білім беру саласындағы ынтымақтастық аясында қол жеткізілген нәтижелерге ***оң баға бере отырып***;
мүше мемлекеттер арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтудағы, білім беру жүйелерінің сапасын арттырудағы, олардың тұрақтылығы мен заманауи талаптарға сәйкес

келуін қамтамасыз етудегі ынтымақтастықтың негізгі рөлін ***ескере отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында білім саласындағы заңнамаларды сәйкестендіру және құқықтық негіздерді үйлестіру бойынша ынтымақтастықтың қиындықтары мен перспективаларын талқылау қажеттілігін ***мойындай отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше барлық мемлекеттерде білім беру жүйесін біріктіру мақсатында бірлескен білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын әзірлеудің ерекше маңыздылығын ***растай отырып***;

бірнеше табыстарға қарамастан, ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің білім саласындағы ынтымақтастығы сын-қатерлер мен қиындықтарға тап болып жатқанын ***айта отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше барлық мемлекеттерде барлық адамдардың, соның ішінде аз қамтылған топтардың білім алу құқығына тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру тәсілдерін әзірлеу мен енгізудің маңыздылығын ***мойындай отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше барлық мемлекеттердегі білім беру қызметкерлерінің өскелең ұрпаққа білім беру мен болашағын қалыптастырудағы таптырмас рөлін ***бағалай отырып***;

ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің парламенттеріне **ұсынады**:

a) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында білім беру саласындағы заңнаманы және құқықтық шарттарды бірізендіруді *үйлестіру*;
b) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің білім беру саласындағы ынтымақтастығының негізгі жол картасы ретінде «Түркі әлемінің болашағы – 2040» стратегиялық құжатының негізгі міндеттері мен мақсаттарын *қабылдау;*
c) ТҮРКПА-ға мүше барлық мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты жақсарту және бірлікке қол жеткізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын дамуды жалғастыра отырып, білім беру саласындағы ынтымақтастықты *белсенді түрде арттыру*;
d) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасындағы академиялық байланысты *нығайту* және бірлескен оқу орындары мен бағдарламаларын құру;;

e) білім беру ортасын жақсарту және елдер арасындағы мәдени және ғылыми байланыстарды нығайту үшін ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттер арасында цифрлық білім беру мен тіл оқытуды *дамыту*;

f) білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің бірлескен жобалары мен бағдарламаларын *қолдау*;

g) білім беру реформаларын белсенді жүзеге асыру, инфрақұрылымды инвестициялау, білім беру үдерістеріне инновацияларды енгізу арқылы студенттер мен оқытушылар үшін жағдайды жақсартуға *ұмтылу;*

h) білім беру саласының қызметкерлеріне өз міндеттерін орындау үшін тиісті жағдайлар мен талаптарды *жасау;*

i) ТҮРКПА-ға мүше мемлекеттердің білім беру секторының қызметкерлері, оның ішінде оқу орындарының оқытушылары үшін жоғары сапалы тәжірибе алмасу және оқыту жүйесін *құру.*